

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

05.05.2023 жыл

Түркістан қаласы

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атынан әрекет етуші, филиал төрағасы А.Д.Үмбеталиев, Түркістан облысының мемлекеттік кірістер департаментінің атынан әрекет етуші М.Е.Нұрахаев, Түркістан облысының әділет департаментінің атынан әрекет етуші М.Б.Тұрғараев, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалы атынан әрекет етуші Б.М.Басымбек, Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасы атынан әрекет етуші А.А.Орақбаева, Түркістан облыстық адвокаттар алқасынан әрекет етуші Қ.У.Қамбаров бірлесіп "Тараптар" деп аталатын:

партияның Саяси Доктринасын басшылыққа ала отырып,

Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуының қоғамдық келісімнің, саяси тұрақтылықтың және бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық дамудың негізгі конституциялық қағидаттарын сақтай отырып, ортақ ұстанымын растай отырып,

азаматтық қоғам институттары арасындағы тең және сындарлы диалогты жүйелі шешімдер іздеудің және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралы деп санай отырып,

жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандығын қорғау, сондай-ақ азаматтардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында ынтымақтастық орнатуға ұмтыла отырып, төмендегілер келісті:

1. Мақсаты:

1.1. Осы Меморандумның мәні жеке және заңды тұлғалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастық болып табылады.

2. Негізгі бағыттар

2.1. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

2.2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, құқықтық саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары мен «AMANAT» партиясының «Құқықтық көмек» және «Қарызсыз қоғам» жобалары

бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2.3. колданыстағы заңнамаға сәйкес тараптар қызметінің бағыттары бойынша неғұрлым өзекті мәселелерді шешу үшін Тараптар арасындағы ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынастардың қажеттілігін ескере отырып, олардың даму мәселелері мен перспективаларын, осы саладағы жаңа жетістіктерін терең білетін, теориялық және практикалық дағдылар негізінде Түркістан халқының құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру;

2.4. түрлі іс-шаралар (қоғамдық қабылдаулар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, семинарлар, конференциялар, зерттеулер және т. б.) өткізу;

2.5. партияның қоғамдық қабылдауларына жүгінген азаматтарға құқықтық көмек көрсету;

2.6. Тараптар олардың арасындағы Ынтымақтастық нысандары болуы мүмкін екенін анықтады;

2.7. келісімдер, хаттамалар өзге де құжаттар;

2.8. қоғам мен мемлекет өмірінің өзекті мәселелері бойынша бірлескен жоспарлар, бағдарламалар, жобалар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу.

3. Өзара ниет

3. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

3.1. бірлескен кеңестер өткізу;

3.2. ынтымақтастық бағыттары бойынша бірлескен жұмыс топтары мен сараптамалық комиссиялар құру;

3.3. ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

3.4. бірлесіп дайындалған бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды іске асыру;

3.5. партияның өңірлік және аумақтық филиалдарының қоғамдық қабылдауларына азаматтарды бірлесіп қоғамдық қабылдаулар жүргізу;

3.6. азаматтарды қабылдау барысында келіп түскен мәселелерге, сондай-ақ партияның қоғамдық қабылдауларына келіп түскен өтініштерге талдау жүргізу және оларды шешу бойынша жүйелі шаралар қабылдау;

3.7. келіскен шарттарда заң жобаларын, бағдарламаларды және өзге де құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыру;


3.8. осы Меморандумның ережелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және тараптың жарғысына сәйкес іске асыру;

3.9. заңнаманы түсіндіру, құқықтық мәдениетті арттыру және басқа да мәселелерді жүргізу;

3.10. партияның қоғамдық қабылдауларына көмек сұраған азаматтарға тегін білікті заңгерлік, құқықтық көмектер көрсетеді;

4. Басқа шарттар

- 4.1. Осы Меморандум қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша өзге Тарапты кемінде 15 күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, ол бұзылған сәтке дейін қолданылады.
- 4.2. Қажет болған жағдайда осы Меморандум осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жазбаша құжатты жасау арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.
- 4.3. Егер Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталған кезде Тараптардың ешқайсысы осы меморандум бойынша ынтымақтастықты тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол сол мерзімге ұзартылды деп есептеледі.
- 4.4. Осы Меморандум оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі және бес жыл бойы қолданылады.
- 4.5. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бар басқа да шарттардың, келісімдердің және өзге де міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соқпайды
- 4.5. Меморандумның мәтіні мемлекеттік тілдерінде екі данада, әр тарап үшін бір данада жасалды.


«АМАНАТ» партиясы
Түркістан облыстық филиалының
төрағасы

А.Үмбеталиев




Түркістан облысы мемлекеттік
кірістер департаментінің
басшысы

М.Нұрахаев



Түркістан облысы
әділет департаментінің
басшысы

М.Тұрғарев




«Азаматтарға арналған үкімет»
Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Түркістан облысы бойынша
филиалының басшысы

Б.Басымбек



Түркістан-Қызылорда облыстары
бойынша өңіраралық заң
консультанттары палатасының
төрағасы

А.Орақбаева



Түркістан облыстық
адвокаттар алқасының
төрағасы

Қ.Қайбаров

